



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ.
БАЛАМА ЕСЕП

Ақша-кредит саясаты департаменті
№2023 – 02 экономикалық зерттеу

Әділханова Зарина

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ қызметкерлерінің ҚРҰБ зерттеу нәтижелерін, сондай-ақ басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін таратылады. Құжатта айтылған пікірлер авторлардың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін.

Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі. Балама есеп.

2023 жылғы қараша

NBRK – AN – 2023 – 02

© Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсынылған материалдарды автордың рұқсатымен ғана қандай да бір пайдалану мүмкін.

Мазмұны

Кіріспе	4
I. Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде тәуелсіз жұмыскерлер	5
II. Уақытша жұмысы жоқ жұмыскерлер	8
III. Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық	9
IV. Толық жұмыспен қамтылмағандар (белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз)	12
Қосымша	14

Кіріспе

Қазақстанда он жылдан астам жұмыссыздық деңгейі 4,7-5,0% құрайды. Тіпті 2020 жылғы пандемия кезінде, бүкіл әлемде жұмыссыздық көрсеткіштері айтарлықтай өскен кезде, Қазақстанда ол бұрынғы аралықта қалды.

Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – ҚР СЖРА ҰСБ) пайдаланатын жұмыссыздықты бағалау тәсілдері мен өлшемдері Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) ұсынымдарына сәйкес келеді. Анықтама бойынша, жұмыссыз – бұл жұмыс іздейтін және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға. Жұмыссыздық туралы ақпарат жинау үй шаруашылықтарын іріктеп тексеру арқылы жүзеге асырылады.


Жалпы жұмыссыздық деңгейі бойынша ресми статистика еңбек нарығында болып жатқан өзгерістерді көрсетпейді. Қазіргі уақытта жұмыссыздықтың ресми деңгейі 4,7% құрайды, ал жұмыссыз халықтың саны 453 мың адамды құрайды (2023 жылғы екінші тоқсанындағы деректер). Бұл жұмыстың мақсаты жұмыс күшінің құрылымын талдау арқылы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейін балама тәсілдермен зерделеу және есептеу болып табылады.

Басқа елдерде, мысалы АҚШ пен Канадада жұмыссыздықтың баламалы көрсеткіштері тұрақты түрде жарияланады. АҚШ-да U1-U6 толық емес жұмыс күнінің 6 түрі, ал Канадада R1-ден R8-ге дейінгі 8 көрсеткіш есептеледі. Осы көрсеткіштердің толық сипаттамасы Қосымшада А.1 және А.2 кестелерінде ұсынылған.

ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне сәйкес 15 жастан бастап одан жоғары барлық халық 2 негізгі санатқа бөлінеді: жұмыс күші және жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар (1-схема). Өз кезегінде, жұмыс күші жұмыспен қамтылған мен жұмыссыз болып бөлінеді, онда жұмыспен қамтылған халық жалдамалы және өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлерден тұрады.

1-схема

Еңбек нарығы бойынша халық құрылымы



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

¹ Әділханова Зарина – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің макроэкономикалық зерттеулер және болжау басқармасының бас маман-талдаушысы.
E-mail: zarina.adilkhanova@nationalbank.kz

Жұмыссыздықтың балама көрсеткіштерін есептеу үшін деректерді талдау бірінші бөлімдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар санатынан басталады, өйткені бұл санат бейресми жұмыспен қамтылғандардың шамамен 25% (2022 жылы үлес 23% құрады) үлесі бар салыстырмалы түрде осал және әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған болып саналады. Екінші бөлімде жұмыспен қамтылған халық арасынан уақытша жұмыспен қамтылмаған қызметкерлер, үшінші бөлімде экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық қаралды. Төртінші бөлімде жұмыс күні толық емес қызметкерлердің жұмыссыздыққа қосқан үлесі талданды.

I. Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде тәуелсіз жұмыскерлер

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа өнімді жұмыспен қамтылғандар да, өнімсіз жұмыспен қамтылғандар да жатады. Өнімсіз жұмыс істейтін жұмысшылар олардың көпшілігі ресми тіркелмегендігімен, ақылы демалысы мен әлеуметтік пакеті жоқ, күнкөріс деңгейінен төмен табыс табатындығымен немесе мүлдем кірісі жоқтығымен ерекшеленеді. Осыған байланысты, олар елдегі әртүрлі күтпеген өзгерістерге осал және жұмыс күші толық пайдаланылмау деңгейін көрсетуі мүмкін². СЖЖРА ҰСБ-ның әдіснамасы бойынша өнімсіз жұмыспен қамтылғандарға қызметкерлердің мына санаттары жатады:

- тәуелсіз жұмыскерлер (**тіркелмеген**);
- шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары) (**тіркелмеген**);
- жеке практикамен айналысатын адамдар (**тіркелгендер арасынан жұмыс істемейтіндер**);
- жеке негізде (тіркелген және белсенді жұмыс істейтін), **табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен**;
- **табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өндірістік кооператив мүшелері**;
- жеке қосалқы шаруашылықта сату (айырбастау) үшін өнім өндіру, **табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен**;
- отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) **жалақы төленбейтін жұмыскерлері**.

Соңғы 10 жылда өнімсіз жұмыспен қамтылған халық саны 2013 жылғы³ бірінші тоқсандағы 634 мың адамнан 2023 жылғы екінші тоқсандағы


² Mehran et al. (2008) «Beyond Unemployment: Measurement of Other Forms of Labour Underutilization» Халықаралық еңбек ұйымының зерттеуіне сәйкес - жұмысшылар экономикалық қиындықтарға тап болатын жеткіліксіз табыс (ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) жұмыс күшін толық пайдаланбау көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

³ Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бойынша деректер 2013 жылға дейін өнімді және өнімсіз жұмыспен қамтылғандарға бөлінбейді. 2013-2015 жылдары өнімсіз жұмыспен қамтылғандарға жеке қосалқы шаруашылықта өз тұтынуы үшін өнім өндірумен айналысатын үй шаруашылықтары да кірді. Жеке қосалқы шаруашылықта өз тұтынуы үшін өнім өндірумен айналысатындар сандардың кейінгі жылдардың

235,1 мың адамға дейін төмендеді (1-график). 2020 жылы пандемия кезінде экономиканың бір бөлігі іскерлік белсенділіктің төмендеуіне тап болған кезде өнімсіз жұмыспен қамтылғандардың бірінші тоқсандағы 176,6 мыңнан екінші тоқсандағы 248,9 мыңға дейін айтарлықтай ұлғаюы байқалды.

1-график


Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар, мың адам.



Дереккөзі: СЖЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

Өнімсіз жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігін (шамамен 70%) тәуелсіз жұмыскерлер құрайды (2023 жылғы екінші тоқсанда шамамен 161 мың адам). Елде жыл сайын тәуелсіз тіркелмеген жұмыскерлердің саны артып келеді (2-график). Бұл ретте тәуелсіз (тіркелмеген) жұмыскерлер жұмыс істейтін негізгі секторлар көлік және қоймада жинақтау (27%), құрылыс (18,9%), сауда (16,9%), ауыл шаруашылығы (14,2%) болып табылады (3-график).

2-график. Тәуелсіз жұмыскерлер (тіркелмеген), %, ж/ж



3-график. 2023 жылғы 2-тоқсандағы тәуелсіз қызметкерлер құрылымы



Дереккөзі: СЖЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

әдіснамасына сәйкес келуі үшін 2013 – 2015 жылдар аралығындағы кезеңде өнімсіз жұмыспен қамтылғандар қатарынан шегерілген болатын.

Филлип Хаузер⁴ ұсынған жұмыс күшін толық пайдаланбау анықтамасына сәйкес өнімсіз жұмыспен қамтылған жұмыскерлер жұмыссыз адамдардың есебіне қосу үшін әлеуетті топ болып табылады. Оның көрінетін және көрінбейтін толық емес жұмыс уақытын өлшеу үшін жұмыс күшін толық пайдаланбау жүйесі еңбек нарығы жұмыскер уақыт пен дағдыларды, ал жұмыс беруші келісімшарт пен жалақыны айырбастайтын орын деген идеядан туындайды. Тиімсіз айырбастау мынадай төрт негізгі тәсілмен болуы мүмкін: жұмыссыздыққа тең **келісімшарттың болмауы** (бейресми жұмыспен қамту), **негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткіліксіз жалақы, жұмыс сағатының жеткіліксіз саны және дағдыларды барабар пайдаланбау.**

Өнімсіз жұмыспен қамтылған халық өз кезегінде келісімшарттың жоқтығы, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалақының жеткіліксіздігі (ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен), сондай-ақ жұмыс сағаты санының жеткіліксіздігі (қызметкерге байланысты емес себептер бойынша белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз жұмыс істейтін адамдарда) сияқты тиімсіз айырбастау белгілерін қамтиды. Осылайша, осы жұмыс күшін толық пайдаланбау жүйесін ұстана отырып, баламалы жұмыссыздықты (1Ж) есептеу мынадай түрде жүргізіледі:


1-теңдеу:

$$1\text{-Жұмыссыздық} = \text{жұмыссыздар} + \text{өнімсіз жұмыспен қамтылғандар}$$

Нәтижелер 1-жұмыссыздық (1Ж) 2013 жылғы екінші тоқсандағы 11,4%-дан 2023 жылғы екінші тоқсандағы 7,2%-ға дейін екі есеге жуық төмендегенін көрсетеді (4-график). 2018 жылғы үшінші тоқсанда 1Ж деңгейі 7%-дан төмен орнығып, 2020 жылғы бірінші тоқсанда ең төменгі 6,7%-ға жетті. Елдегі пандемия мен шектеу шараларына байланысты 1Ж деңгейі 2020 жылғы екінші тоқсанда 7,7%-ға дейін өсті, бірақ жылдың соңында бұрынғы көрсеткіштерге (2020 жылғы төртінші тоқсанда 6,8%) қайта оралды. Нақты жұмыссыздықпен салыстырғанда, 1Ж 2013 жылдың басынан бастап төмендеу үрдісін көрсетіп отыр, сондай-ақ еңбек нарығындағы өзгерістерге ден қояды.

4-график

Нақты жұмыссыздық және 1-жұмыссыздық (1Ж), %



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

⁴ Mehran et al. (2008), «Beyond Unemployment: Measurement of Other Forms of Labour Underutilization»

II. Уақытша жұмысы жоқ жұмыскерлер


2020 жылы пандемия кезінде ресми статистикада жұмыссыздық деңгейінің шамалы артуы кәсіпорындардың өз қызметін уақытша тоқтата тұрғанымен қызметкерлерді жұмыстан шығармауына байланысты болды. Осылайша, карантин кезінде өзінің жұмысын тоқтатқан халықтың белгілі бір бөлігі уақытша жұмыспен қамтылмаған болып қалды.

Уақытша жұмыспен қамтылмағандар қатарына жыл сайынғы еңбек демалысында, жүктілігі және бала күтіміне байланысты демалыста, жұмыс берушінің бастамасы бойынша, оқу демалысында, отбасы жағдайлары бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, маусымдық жұмысы, вахталық жұмыс әдісі бар не қызметі уақытша тоқтатылған қызметкерлер жатады.

СЖРА ҰСБ деректеріне сәйкес, 2020 жылғы екінші тоқсанда уақытша жұмыссыз қызметкерлер саны рекордтық 534 мың адамға жетті, жоғары көрсеткіштер 2020 жылғы үшінші тоқсанда да сақталды және тек төртінші тоқсанға қарай ғана көрсеткіштер пандемияға дейінгі (147 мың адам) мәніне оралды (5-график).

5-график

Уақытша жұмыспен қамтылмағандардың динамикасы, мың адам



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Уақытша жұмыспен қамтылмаған қызметкерлер статистикасының айтарлықтай ұлғаюы жыл сайынғы еңбек демалысы (96 мың адам, өсім ж/ж 3,8 есе), жұмыс берушінің бастамасы бойынша демалыс (12 мың адам, өсім ж/ж 31,8 есе), вахталық жұмыс әдісі және икемді кестеге көшу (274 мың адам, өсім ж/ж 292,8 есе), сондай-ақ кәсіпорынды уақытша тоқтата тұру (131 мың адам, өсу ж/ж 1,5 есе) сияқты себептерге байланысты болды. Секторлар бөлігінде уақытша жұмыспен қамтылмағандардың көпшілігі көтерме және бөлшек саудада, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеуде, білім беруде, өнеркәсіпте тіркелген.

Нақты жұмыссыздықта COVID-19 пандемиясына байланысты еңбек нарығындағы өзгерістердің қамтылмайтынын байқауға болады. Бұл жұмыста

2-жұмыссыздық (2Ж) пандемия кезіндегі жұмыссыздар санының ауытқуын ескере отырып, нарықтағы өзгерістер динамикасын бақылау мақсатында есептеледі.

2-теңдеу:

2-жұмыссыздық = жұмыссыздар + өнімсіз жұмыспен қамтылғандар + уақытша жұмыспен қамтылмағандар (бір бөлігі)

Теңдеуге уақытша жұмыспен қамтылмаған халықтың барлық тобы емес, қызметті уақытша тоқтата тұруға байланысты (ауа-райының қолайсыздығы, авария, сыну, оқшаулау режимін енгізу және басқа да себептер) әкімшіліктің/жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыспен қамтылмаған не вахталық әдіспен/еркін кестемен жұмыс істеген бөлігі ғана және т.б. кіреді.

6-графикте 2-жұмыссыздықтың (2Ж) 2020 жылғы екінші тоқсан мен үшінші тоқсаннан басқа, барлық кезең бойы 0,1-0,3 пайыздық тармақ айырмашылығымен 1Ж динамикасын толығымен қайталайтыны көрсетіледі, мұнда 2Ж деңгейі тиісінше 11,9%-ға және 9,5%-ға дейін көтеріледі. Бұл ретте, 2023 жылғы екінші тоқсанда 2Ж ресми жұмыссыздық деңгейінен 2,6 пайыздық тармаққа асып, 7,3% мәнін қабылдайды.

6-график



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

III. Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық

Еңбек нарығынан кеткен немесе әртүрлі себептермен оған кірмейтін жұмыссыз халық жасырын тұрған тағы бір әлеуетті халық тобы экономикалық тұрғыдан белсенді емес халыққа⁵ жатады. 2023 жылғы екінші тоқсанда жұмыс

⁵ Sengenberger (2011) «Beyond the measurement of unemployment and underemployment» (*International Labour Organization*) еңбегіне сәйкес жасырын жұмыссыздықтың әртүрлі тұжырымдамалары мен көріністері бар. Қазіргі уақытта жұмыс іздеудегі бұрынғы сәтсіздіктерге байланысты белсенді түрде жұмыс іздеумен айналыспайтын адамдар жұмыссыз ретінде сыныпталмайды, бірақ экономикалық тұрғыдан белсенді емес болып саналады.

күшінің құрамына кірмейтін адамдар шамамен 4 329 мың адам болады. Мұнда 1,7 мың адам штаттың жойылуына немесе қысқаруына байланысты соңғы жұмыс орнынан кеткен, 23 мың адам өз еркімен жұмыстан шыққан, 6,7 мың адам шарт мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан босаған, 3,5 мың адамның жұмысы маусымдық сипатта болған, 2 мыңға жуық адам өзінің кәсіпкерлік қызметін аяқтаған. Ал жұмыс орнымен ресми қарым-қатынасын сақтайтын адамдар шамамен 23,8 мың адам болады. Осы санаттағы адамдардың көпшілігі басқалармен тең дәрежеде еңбек нарығына қатыса алатын еңбекке қабілетті жастағы адамдар.

Баламалы жұмыссыздық көрсеткішін есептеуде штатты тарату немесе қысқарту салдарынан, өз қалауы бойынша, шарт мерзімінің аяқталуына байланысты, басқа себеппен жұмыстан босауға, жұмыстың маусымдық сипатына, жеке тұтыну үшін жеке қосалқы шаруашылықта жұмыспен қамтылуға байланысты, жұмыс орнымен ресми қарым-қатынаста болуға байланысты жұмыс күшінің құрамынан шыққан экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық есепке алынады (1-кесте).

1-кесте.

Еңбекке қабілетті жаста соңғы жұмыс орнынан босатылу себебі бойынша жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар

Жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар	2023 жылғы 2-тоқсандағы экономикалық белсенді емес халықтың үлесі, %	Баламалы жұмыссыздықты есептеу үшін пайдаланылады
олардың ішінде мына себептер бойынша:	22,1	
басқа себептер бойынша	18,22	
денсаулық жағдайы бойынша	0,89	
отбасылық (жеке) жағдайлар бойынша	0,72	
жұмыс күшінің құрамына кірмейтін, жұмыс орнымен ресми байланысын сақтаған адамдар	0,55	✓
өз еркімен жұмыстан шығару	0,54	✓
жеке қосалқы шаруашылықта өз тұтынуы үшін өнім өндірумен айналысатындар	0,46	✓
зейнетке шығу	0,30	

шарттың (келісімнің, мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан шығару)	0,15	✓
маусымдық жұмыс (маусымдық емес)	0,08	✓
басқа себеппен жұмыстан шығару	0,07	✓
кәсіпкерлік қызметті аяқтау	0,05	✓
ұйымның таратылуына (банкроттығына), штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан шығару	0,04	✓
*2023 жылғы 2-тоқсандағы экономикалық белсенді емес халық саны 4 329 223 адамға тең. 2023 жылғы 2-тоқсанда баламалы жұмыссыздықты есептеу үшін таңдалған санаттардың жиынтық үлесі экономикалық белсенді емес халықтың 1,95%-ын құрады.		

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

Барлық экономикалық белсенді емес халық санындағы осы санаттардың үлесі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында орта есеппен 2%-ды және тиісінше 2021-2022 жылдары орта есеппен 5,4% және 5%-ды құрады.


Нәтижесінде баламалы жұмыссыздық экономикалық белсенді емес халықты есепке ала отырып, мынадай түрде есептеледі:

3 және 4-тендеулер:

3-жұмыссыздық = жұмыссыздар + өнімсіз жұмыспен қамтылғандар + эк. белсенді емес халық (бөлігі)

4-жұмыссыздық = жұмыссыздар + өнімсіз жұмыспен қамтылғандар + эк. белсенді емес халық (бөлігі) + уақытша жұмыс істемейтіндер (бөлігі)

7-график



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, автордың есептеуі

2023 жылдың екінші тоқсанында 4 (Ж4) жұмыссыздық 8,2% деңгейінде қалыптасты, бұл 2-жұмыссыздықтан (Ж2) 0,9 пайыздық тармаққа жоғары. Бұл ретте 2013 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі кезеңде орташа алғанда Ж4 Ж2 деңгейінен 2 пайыздық тармаққа жоғары. Жұмыссыздықтың баламалы есебі өнімсіз жұмыспен қамтылған халықты, уақытша жұмыспен қамтылмаған және экономикалық белсенді емес халықтың бір бөлігін есепке ала отырып, Ж4 ресми жұмыссыздық деңгейінен орта есеппен 2 есе көп екенін көрсетеді (7-график).

IV. Толық жұмыспен қамтылмағандар (белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аз)

Жұмыс күнінің ұзақтығының белгіленген нормадан аз болуы жұмыс күшін толық пайдаланбаудың тағы бір көрсеткіші болып табылады. ХЕҰ зерттеуіне сәйкес, халықтың толық емес жұмыс күні жұмыс істеуінің ерікті және мәжбүрлі себептері бар⁶. Мәжбүрлі себептерге «толық емес жұмыс күніне ғана жұмыс таба алатын» немесе «жұмыста тұрып қалу немесе жұмыс орнында бизнесті жүргізудің қолайсыз жағдайларына байланысты» жатады.

СЖРА ҰСБ статистикасына сәйкес жұмыс күнінің белгіленген ұзақтығынан аз жұмыспен қамту себептері бойынша мынадай: әкімшіліктің/жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс көлемі жеткіліксіз, қолайсыз ауа райы жағдайлары, толық жұмыс күніне лайықты жұмыстың болмау себептерінің санаттары таңдалды⁷. Толық емес жұмыспен қамтуды ескере отырып, жұмыссыздықты есептеу кезінде жұмыссыздар санында бір адамды екі рет санамау үшін өз-өзін жұмыспен қамтығандар қатарына «**өнімді жұмыспен қамтылмағандар**» санаты енгізілмейді.

5-теңдеу:

5-жұмыссыздық = жұмыссыздар + эк. белсенді емес халық (бөлігі) + уақытша жұмыспен қамтылмаған (бөлігі) + мәжбүрлі себептермен толық емес жұмыс күні жұмыспен қамтылғандар

Мәжбүрлі себептермен (бірақ өнімді жұмыспен қамтылмағандарды есептемегенде) толық емес жұмыс күні жұмыспен қамтылғандарды ескере отырып 5-жұмыссыздық (5Ж) 2023 жылғы екінші тоқсанда 8,3% деңгейінде қалыптасты (8-график). 5Ж 2020 жылғы екінші тоқсанда пандемия кезеңінде ең жоғары 15,3% деңгейіне жетті. Алайда, пандемия әсері көрсетілген уақытша жұмыспен қамтылмаған халық теңдеуден шығарылған жағдайда, 2020 жылғы екінші тоқсанда 5-жұмыссыздық 11%-ға тең, кейіннен 2020

⁶ Mehran, F., Bescond, D., Hussmanns, R. and Benes, E., 2008. Beyond Unemployment: Measurement of Other Forms of Labour Underutilization. International Labor Organization: Geneva, 2(01).

⁷ «Толық жұмыс күніне лайықты жұмыстың болмауы» санаты бойынша статистика тек 2013 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде жиналды.


жылғы үшінші тоқсанда 12,3%-ға дейін ұлғайды, осы арқылы COVID-19 пандемиясының күтпеген өзгерісінің кішігірім әсерін көрсетті.

8-график



9-графикте 1Ж-5Ж жұмыссыздықтың барлық баламалы көрсеткіштерінің динамикасы көрсетілген. Егжей-тегжейлі цифрлар қосымшада берілген (А.3-кесте).

9-график



АҚШ-тағы баламалы жұмыссыздық көрсеткіштері

	Сипаттама
U-1	15 апта немесе одан да көп жұмысы жоқ адамдар азаматтық жұмыс күшінің пайызымен көрсетіледі.
U-2	Жұмысынан айырылғандар және уақытша жұмысты орындаған адамдар азаматтық жұмыс күшінің пайызымен көрсетіледі.
U-3	Жұмыссыздардың жалпы саны азаматтық жұмыс күшінің пайызымен көрсетіледі (ресми жұмыссыздық деңгейін есептеу үшін пайдаланылған жұмыссыздықтың дәл осындай анықтамасы).
U-4	Жұмыссыздардың жалпы саны, оған қоса үміт үзген қызметкерлер, азаматтық жұмыс күшінің пайызы және үміт үзген қызметкерлер.
U-5*	Жұмыссыздардың жалпы саны, оған қоса үміт үзген қызметкерлер, сонымен қатар азаматтық жұмыс күшінің пайыздық үлесі бар барлық басқа қызметкерлер, сонымен қатар барлық аз ғана жұмыспен қамтылған қызметкерлер.
U-6*	Жұмыссыздардың жалпы саны, оған қоса барлық аз ғана жұмыспен қамтылған қызметкерлер, сонымен қатар экономикалық себептерге байланысты толық емес жұмыс істейтіндердің жалпы саны, барлық аз ғана жұмыспен қамтылған қызметкерлер азаматтық жұмыс күшінің пайызымен көрсетіледі.

Дереккөзі: U.S. BUREAU OF LABOR STATISTICS

Канададағы баламалы жұмыссыздық көрсеткіштері

	Сипаттама
R1	Бір жыл немесе одан да көп уақыт жұмыссыз қалған жұмыс күшінің үлесін көрсетеді. Бұл көрсеткіш ресми жұмыссыздық деңгейінен ерекшеленеді, өйткені ол экономикалық циклден артта қалады.
R2	Үш ай немесе одан да көп жұмыс істемейтіндерді жұмыс күшінің үлесі ретінде қарастырады. R2, әдетте, R1-ге қарағанда, экономикалық циклдарда жұмыссыздықтың ресми деңгейін мұқият қадағалайды.
R3	Канададағы жұмыссыздықтың түзетілген ресми деңгейі оны АҚШ-тағы ресми жұмыссыздық деңгейімен салыстыруға мүмкіндік береді.
R4	Канададағы ресми жұмыссыздық деңгейі.
R5	Жұмысқа орналасқысы келетін және жұмысқа орналасуға дайын, бірақ оны іздемеген қызметкерлерді іздеуге үміт үзген қызметкерлерді ескеретін көрсеткіш.
R6	Жұмыс іздемейтін, бірақ жұмыс істеуге дайын және жұмысқа орналасуды күтетіндерді қамтиды. Олар бұрынғы жұмыс берушіден кері қайтарып алуды күтеді немесе жұмысқа орналасуға өтініш беріп, жауап күтеді.
R7	Мәжбүрлеу арқылы толық емес жұмыс істейтіндерді қамтиды.
R8	Алдыңғы үш топта көрсетілген барлық топтарды қамтиды. Бұл көрсеткішке іздеуде үміт үзген қызметкерлер, жұмысқа орналасуды күтетіндер, сондай-ақ толық емес жұмыс күнімен айналысатын мәжбүрлі қызметкерлердің толық пайдаланылмаған бөлігі кіреді.

Дереккөзі: STATISTICS CANADA

Қазақстандағы жұмыссыздықтың баламалы көрсеткіштері

Жыл		Нақты жұмыссыздық	Б1: Жұмыссыздар + нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар	Б2: Жұмыссыздар + нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар + уақытша жұмыспен қамтылмағандар (бөлік)	Б3: Жұмыссыздар + нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар + экономикалық белсенді емес халық (бөлік)	Б4: Жұмыссыздар + нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар + экономикалық белсенді емес халық (бөлік) + уақытша жұмыспен қамтылмағандар (бөлік)	Б5: Жұмыссыздар + экономикалық белсенді емес халық (бөлік) + уақытша жұмыспен қамтылмағандар (бөлік) + мәжбүрлі жұмыспен қамту
2013	I	5,3	12,3	12,3	13,8	13,8	9,0
	II	5,2	11,4	11,4	12,8	12,8	9,0
	III	5,2	11,1	11,1	12,5	12,5	8,8
	IV	5,2	10,7	10,7	12,3	12,3	8,8
2014	I	5,1	10,1	10,1	11,7	11,7	11,0
	II	5,1	9,9	9,9	11,4	11,4	10,9
	III	5,0	9,7	9,7	11,1	11,1	10,9
	IV	5,0	9,8	9,9	11,4	11,4	10,9
2015	I	5,0	7,6	7,6	9,2	9,3	9,1
	II	5,0	8,6	8,6	9,8	9,8	9,1
	III	4,9	8,1	8,2	9,3	9,3	8,7
	IV	5,0	8,7	8,8	10,0	10,0	9,1
2016	I	5,1	8,3	8,4	11,2	11,2	10,6
	II	5,0	8,5	8,5	12,0	12,1	11,3
	III	4,9	8,9	9,0	12,3	12,3	11,0
	IV	4,9	8,8	8,8	11,6	11,6	10,9
2017	I	4,9	8,3	8,4	10,9	11,1	10,6
	II	4,9	8,2	8,3	11,1	11,2	10,7
	III	4,9	7,9	8,1	11,2	11,4	10,9
	IV	4,9	7,7	7,9	10,4	10,5	10,1
2018	I	4,9	7,3	7,4	10,0	10,1	10,2
	II	4,9	7,3	7,4	10,1	10,2	10,5
	III	4,8	6,9	7,1	10,1	10,3	10,6
	IV	4,8	6,9	7,0	9,3	9,4	9,8
2019	I	4,8	6,9	7,0	9,3	9,4	9,8
	II	4,8	6,9	7,0	10,1	10,2	10,7
	III	4,8	6,9	7,0	10,1	10,2	10,6
	IV	4,8	6,8	7,0	9,1	9,2	9,5
2020	I	4,8	6,7	6,8	8,9	9,0	9,3
	II	5,0	7,7	11,9	10,7	14,9	15,3
	III	5,0	7,4	9,5	10,7	12,7	14,4
	IV	4,9	6,8	7,0	9,2	9,4	10,2
2021	I	4,9	6,7	7,0	9,0	9,3	10,3
	II	4,9	6,6	6,8	8,9	9,1	10,4
	III	4,9	6,9	7,0	9,6	9,8	10,5
	IV	4,9	6,7	6,9	8,9	9,1	9,7
2022	I	4,9	6,7	6,9	8,8	8,9	9,1
	II	4,9	6,8	7,0	9,2	9,4	9,9
	III	4,9	6,8	7,0	9,5	9,8	10,2
	IV	4,8	6,9	7,1	8,7	8,9	9,2
2023	I	4,8	6,6	6,8	7,5	7,7	8,4
	II	4,7	7,2	7,3	8,1	8,2	8,3

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, автордың есептеуі